

«Инклюзивті білім берудегі педагог рөлі»

Инклюзивті білім беру — бұл әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарамастан, білім алуына тең мүмкіндік беру процесі. Бұл жүйе мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балалардың қатар жүріп, толыққанды білім алуына бағытталған. Осыған сәйкес педагогтың рөлі аса маңызды, өйткені мұғалім тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар бала мен қоғам арасындағы көпірді қалыптастырушы болып табылады.

Осы орайда Арқалық қаласының білім бөлімі және А. Құнанбаева атындағы мектеп гимназиясының ұымдастыруымен «Инклюзивті білім беруде педагог рөлі» тақырыбында тәжірбие алмасу семинары өтті. Аталмыш семинар А. Құнанбаева атындағы мектеп гимназиясының базасында Арқалық қаласының психологиялық- педагогикалық түзеу кабинеті мен Арқалық психологиялық- медициналық-педагогикалық консультациясы мекемелерінің қатысуымен өтті. Мекеме мұғалімдері тақырыпқа сай баяндамалар оқып, шебер сынып өткізіп, тәжірбиелерімен алмасты. Атап айтқанды біздің мекемеміздің мұғалім логопед- дефектолог Берік Асылжан Ержанқызы «Ерекше білім беруде сенсорлы интеграцияны қолдану» тақырыбында шебер сынып өткізді. Бұл шебер сыныпта мұғалімдермен әр түрлі сенсорлы ойындарды тұрмыстық заттардан қалай жасауға болатындығы және оны сабақта қалай пайдалану керектігі жайлы айтылды, шебер сыныпқа қатысқан педагогтер үлкен қызығушылық танытып, жағымды пікір қалдырды.

Инклюзивті білім беруде педагогтың рөлі үлкен. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі мен адамгершілік қасиеттері балалардың тең құқықты және сапалы білім алуына ықпал етеді. Сондықтан да мұғалімдер үнемі өз білімдерін жетілдіріп, инклюзивті білім беру жүйесіне бейімделу қажет.



